

**Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің
«Тамаша» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мемлекеттік
аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы**

**Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі
74 ғимарат, 21 кабинет
(қорытынды жасау орны)**

**24.01.2025 жыл
12 сағат 00 минут**

Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2024 жылғы 21 қазанда бекітілген 2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2025 жылғы 20-24 қаңтар аралығында Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің «Тамаша» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2025 жылғы 17 қаңтардағы №15 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

Жолдыбаева Думан Спатаевна – Ұлытау облысының білім саласында сапаның қамтамасыз ету департаменті білім сапасын сырттай бағалау және білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы м.а. комиссия төрағасы;

- Сатанова Ұлжан Шубаевна -Ұлытау облысы білім басқармасының Қаражал қаласы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжайы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі, комиссия мүшесі;

- Абилова Сарсенкуль Жаксылыковна - Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Қызыл телпек» бөбекжайы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қазақ тілі маманы, комиссия мүшесі.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің «Тамаша» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және толық талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер	
1)	білім беру ұйымының толық атауы. Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Тамаша» бөбекжайының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы).—Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Пушкин көшесі, 10А ғимарат
3)	заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

	Телефон: 8 (7102) 722265; 8747-703-91-51 электрондық пошта: tamasha_5@bk.ru Бөбекжай сайты: https://sad-tamasha.bilim.edu.kz Фейсбук: https://www.facebook.com/sadtamasha?mibextid=ZbWKwL Инстаграм: https://www.instagram.com/p/C9iCoccMgtR/?igsh=czB2cThkZ2Zxamlv
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Кошакова Орынбасар Қонкабаевна- Ұлытау облысы білім басқармасының «Жезқазған қаласы білім бөлімі» ММ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қайта тағайындау туралы » 06.09.2022 жылғы № 297-ж бұйрығы, «Ротация туралы» 04.04.2022 ж №77 бұйрығы бойынша тағайындалған.
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары(заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің «Тамаша» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы, № 7 бұйрығы, 06.09.2022 жыл Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ, 27.06.2021ж №3227 БСН: 150140002683 12 .09.2022 жыл. Медициналық кабинеттің лицензиясы Лицензия 12.01.2016ж бастапқы берілген күні. №23002947, 31.01.2023 жылы қайта берілді.
6)	рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон, хабарлама. Құжатты растаушы номері KZ03RVK00047575 берілген күні 23.02.2023 Медициналық қызметке лицензиясы 12.01.2016 ж бастапқы, № 23002947, 31.01. 2023 жылы қайта берілді(уақыты шектеусіз) Санитариялық- эпидемиологиялық қорытынды №439 05.10.2015 ж берілген.
2. Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.	
1)	Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМС) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі. <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінің көшірмелері және т.б.</i> Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына сәйкес оқу жұмыс жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің көшірмелері қаралды. Оқу жұмыс жоспарлары Жезқазған қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіліп, білім беру ұйымының директорымен бекітілген. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында қосымшаларында жұмыс оқу жоспарында үлгілік оқу жоспары деп жазылғандығы анықталды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған ұйымдастырылған іс-

	әрекеттерінің кестесінің көшірмелері толығымен ұсынылды. Осылайша, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының ұсынылған балалар тізіміне сәйкес оқу жұмыс жоспарларында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі сәйкес келетіндігі анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4 тармағы 3 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары сәйкес келеді.
2)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген)(бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру. <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінің, күн тәртібінің, перспективалық жоспарлар және циклограммалар (арнайы түзетуші ұйымдастырылған оқу қызметтері). Жеке оқу жоспарларының және жеке бағдарламалардың көшірмелері, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды растайтын құжат көшірмелері, жас құрамы бойынша топтар тізімі.</i> Талдау нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнына сәйкес оқу жұмыс жоспары, ҰОҚ кестесі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар, апталық циклограмма көшірмелері қаралды. 2022-2023 оқу жылында «Мастерская чудеса» - «Күншуақ» мектепалды даярық тобында, «Ұлттық құндылық»- «Қызғалдақ» ересектер тобы, «Өнерлі екен он саусақ»- «Ақбота» ересектер тобында- 0,5, «Веселая математика»- «Балапан» ересектер тобында, «Әжемнің ертегі әлемі»- «Бәйшешек» ортаңғы тобында, «Біз өнерлі баламыз»- «Қарлығаш» ортаңғы тобында вариативті компонент жүргізілген, растайтын құжаттары ұсынылып, зерделенді. 2022-2023 оқу жылында қазақ тілі маманының күнтізбелік циклограммасының құрылымы, апта күндері, тәрбиеленушінің жеке жұмыстары анық көрсетілмеген. «Қызғалдақ» ересек тобының циклограммасына «Бауырсақ» мектепалды даярлық тобының циклограммасы жүктелгендігі анықталды. Дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Сеитованың циклограммасында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізілмегендігі анықталды. 2023-2024 жыл оқу жылында 2024-2025 жыл оқу жылдарына арналған мектепалды даярлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспарлары және циклограммалары жас ерекшеліктеріне топ тізімі талап сай жинақталғаны және перспективамен циклограмма мақсаттары мен міндеттері үлгілік жоспарға сай екендігі анықталды. 2022-2023 жыл 2024-2025 жыл оқу жылдарында ерекше білім қажет ететін тәрбиеленушілері болсада үлгілік жоспарға сай. 2022-2023 жыл 2023-2024жыл 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білімді қажет ететін жеке бейімделген бағдарламалар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беруді жүзеге асыратын құжаттарының көшірмелерінің бар екені расталды. 2024-2025 оқу жылында: «Қошақан» тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінде көрсетілген дене шынықтыру циклограммада сейсенбі күнге жазылғаны, «Бәйшешек» тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінде музыка 1 сағат

	көрсетілгені анықталды. 2022 - 2023 жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны-3: «Ақбота» тобында-1, «Бауырсақ» тобында-2. 2023 - 2024 жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны-6: «Бауырсақ» тобында-1, «Балапан» тобында-3, «Қызғалдақ» тобында-1, «Бәйшешек» тобында-1. 2024 – 2025 жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны-4: «Қуыршақ» тобында-2, «Ақбота» тобында-2. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім берудегі құжат көшірмелері ұсынылған, талапқа сай жүргізілгендігі анықталды. Перспективалық жоспарлары білім беру ұйымының басшысымен бекітілген. Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес оқу жұмысы мекеменің перспективтік жоспарлар мен циклограммалары мазмұны бойынша жүзеге асырылатыны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4 тармақтың 4 тармақшасына, 14, 17 тармағы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
3)	Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкестігі: <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар:білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытумен қамтамасыз етуде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың дипломдарының көшірмелері, штаттық кесте.</i> Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу бойынша Педагог кадрлармен қамтылу туралы мәлімет бөбекжайдың кадрлық әлеуетіне, кәсіби құзыреттілік деңгейіне, сондай-ақ педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы бойынша құжаттарға талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау шеңберінде (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 (07.08.2023 ж.жаңартылған) барлық педагогтардың тиісті педагогикалық білімі (жоғары (жоғары мектепке дейінгі) немесе техникалық және кәсіптік) бар 2022-2023 оқу жылында барлық педагог саны- 25: Мектепке дейінгі жоғарғы біліммен -5 Арнаулы орта біліммен 16 Бастауыш сынып-4 (Қайта даярлау курстан өткен) педагог саны 4-16% . Қайта даярлау курстан өткен педагогтер -4 Біліктілік санаттары бойынша: Үшінші санаты басшы-1 Жоғары санат-2 I санат-3 II санат-3 Санатсыз-4 Педагог- модератор-6 Педагог-6 2023-2024 оқу жылында барлық педагог саны- 28 Мектепке дейінгі жоғарғы біліммен -7 Арнаулы орта біліммен 19 Қайта даярлау курстан өткен педагог саны 2

	Біліктілік санаттары бойынша: Үшінші санаты басшы-1 II санат-2 Санатсыз-5 Педагог- модератор-9 Педагог-6 2024-2025 оқу жылында барлық педагог саны- 27 Мектепке дейінгі жоғарғы біліммен -5 Арнаулы орта біліммен 18, оның ішінде 4 педагог қайта даярлау курстан өткен. Жалпы 3 жылда 12 педагог қайта даярлау курстан өткендігі анықталды. Біліктілік санаттары бойынша: Екінші санаты басшы-1 Жоғары санат-0 Педагог- модератор-14 Педагог-12 Педагогтердің облыстық, республикалық кәсіби байқауларына қатысуын растайтын құжаттар да ұсынылған. 2022- 2024 жылдар аралығында республикалық деңгейде-14, облыстық деңгейде-29 жүлдегер болған. Осылайша, мектепке дейінгі мекемеде балалардың өмір әрекетін ұйымдастыру және жүзеге асыру жұмысы толық қамтамасыз етілгені анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4 тармағы 2тармақшасына, 18 тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес келеді.
4)	Баланың жеке даму мониторингін және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің оқу нәтижелерінің болуы: <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: мектепалды тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің жоспарларының (карталарының) көшірмелері, мектепалды даярлық топтарының тізімі.</i> Талдау нәтижелері: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесіні көрсетті: Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруін бақылау мақсатында 2022-2023 оқу жылында 4 ересек, 1 мектепалды тобындағы тәрбиеленушілердің ұсынылған құжаттары талданды: «Балапан» ересек тобында -24 тәрбиеленуші, «Қызғалдақ» ересек тобында -22 тәрбиеленуші, «Ақбота» ересек тобында -24 тәрбиеленуші (4-5) жас, «Күншуақ» ересек тобында -25 тәрбиеленуші, «Бауырсақ» мектепалды тобында -23 тәрбиеленушінің жеке даму картасы ұсынылып, зерделенді. 2023-2024 оқу жылында 3 түрлі ересек жастағы тобындағы тәрбиеленушілердің ұсынылған құжаттарын зерделеу барысында «Бауырсақ» түрлі ересек тобында 23 тәрбиеленушінің картасы ұсынылған, алайда тізімде жоқ Төлеубай Арнаттың жеке даму картасы салынғаны анықталды; «Қарлығаш» түрлі ересек тобында 22 тәрбиеленушінің картасы ұсынылған, Құдайберген Қажымұқан 25.05.2019ж.т., Сайран Адина 05.02.2019 ж.т. жеке даму картасында бар, тізімде жоқтығы анықталды. 2024-2025 оқу жылында 2 мектепалды тобы бар. «Ақбота», «Балапан» топтарының тәрбиеленушілердің жоспарларының (карталарының) көшірмелері, мектепалды даярлық топтарының тізімі ұсынылған. Осылайша, баланың жеке даму мониторингісі мен оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болуын қамтамасыз ететін мектепалды топтарындағы тәрбиеленушілердің оқу нәтижелерін жүргізу жұмыстары толық жүзеге асырылатындығы анықталды.

	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 тармағына сәйкес келеді.
5)	Тәрбиеленушілердің дамуын бақылау (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы: <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: мониторингтің көшірмелері, білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары (карталары).</i> Талдау нәтижелері: Ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында бастапқы мониторингтің көрсетіші – 61%, 245 тәрбиеленушінің жеке даму жоспарлары салынған; 2023-2024 оқу жылында: бастапқы мониторингтің көрсеткіші – 55%, 235 тәрбиеленушінің жеке даму жоспарлары салынған; 2024-2025 оқу жылында: бастапқы – 73%, 244 тәрбиеленушінің жеке даму жоспарлары көрсетілген. Осылайша, бөбекжайда тәрбиеленушілердің дамуын бақылау бастапқы мониторингісі және оның нәтижелері бойынша жұмыстарының жүргізілгені анықталды. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 тармағына сәйкес келеді.
6)	Үлгілік оқу жоспарының қосымшасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау нәтижелерінің болуы және талдауы (қорытынды): <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: мониторингтің көшірмелері, қорытындылардың талдауы</i> Талдау нәтижелері: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесіні көрсетті: 2022-2023 оқу жылында мониторингтің көрсетіші қорытынды – 92%, 245 тәрбиеленушінің жеке даму жоспарлары салынған. 2023-2024 оқу жылында: қорытынды – 95%, 235 тәрбиеленушінің жеке даму жоспарлары салынған. Әдіскер тарапынан толық талдау жасалынғандығы анықталды. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің жетістіктері- 21, 2023-2024 оқу жылында -80, 2024-2025 оқу жылында-79. Тәрбиеленушілердің қатысуында өсу байқалады. Осылайша, үлгілік оқу жоспарының қосымшасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау жұмыстары жүйелі және толық жүргізілетіндігі анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 тармағына сәйкес келеді.
3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлеміне талаптар	
1)	МДТОҰОБ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі: <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспарларының, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесінің, күн тәртібі, перспективалық жоспарлар және циклограммалар көшірмелері.</i> Талдау нәтижелері: критерий бойынша зерделеуге ұсынылған құжаттарды талдау барысында 2022-2022, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары ұйымының басшысымен бекітілген, оқу жұмыс жоспарларының, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестестелері, күн тәртібі,

	перспективалық жоспарлар және циклограммаларның үлгілік бағдарламасына сәйкес келетіні анықталды. Осылайша тәрбиеленушілерді оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптардың сақталатындығы анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 22 тармағына сәйкес келеді.
4.	Тәрбиелеу және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.
1)	Жас топтарын қалыптастыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, талаптарды сақтау: Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: <i>Әдістемелік нұсқаулықтардың 3-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері.</i> Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жас ерекшеліктерін ескере отырып жас кезеңділігінің сақталуын растайтын тізімдердің көшірмелері ұсынылып, Ұлттық білім беру деректер қорымен салыстырылып, талаптардың сақталғандығы анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 24,25 тармақтарына сәйкес келеді.
2)	МДТОҰлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушіге 1-сыныпқа қабылдағанға дейін меңгерту мерзімінің сақталуы: Талдау нәтижелері: критерий бойынша зерделеуге ұсынылған құжаттарды талдау барысында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының тәрбиеленушілерін қабылдау імерзімдері сақталған. Осылайша, «Тамаша» бөбекжайында тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТОҰлгілік оқу бағдарламасы игеру мерзімі сақталғандығы анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 26 тармақтарына сәйкес келеді.
6.	Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі
1)	Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша анықтау. Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: <i>Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымшада белгіленген сұрақтар тізбесіне сәйкес онлайн форматта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдері); мектепке дейінгі жас топтары болмаған жағдайда - ересек тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жүргізілген сауалнамаға талдау:</i> Ағымдағы жылда 27 педагог тәрбие мен оқытумен қамтамасыз етеді. Барлық педагог жалпы санынан 27 педагог сауалнамаға қатысқан, бұл сауалнама жүргізуге педагог құрамының 100 %-ын құрайды. Сауалнамадағы сұрақ саны - 19, барлық жауап саны 513, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс уақыты талаптарына сәйкес келуі, Педагогтерге білім беру процесіне белсене қатысуы біліктілігін арттыру жағдайы, психологиялық ахуалы жайындағы сауалнамада: толығымен келіспегені – (2,5%); 0; келіспегені- (5,5%); жауап беруге қиналатыны-0; келісетіні- жауап (20%); толық келісетіні-99 жауап (72%). Сонымен қатар, педагог респонденттерімен қоңырау шалу әдісімен әңгімелесу жүргізілді, олар сауалнамаларды толтырудың дұрыстығын растады, сауалнамаларды білім беру ұйымының айтуы бойынша толтырылғанын растады.

	Ағымдағы жылы мектепалды даярлық тобында барлығы 41 тәрбиеленуші тәрбие мен оқытумен қамтылған. Барлық тәрбиеленушілердің жалпы санынан 45 тәрбиеленушінің ата-анасы жүргізілген сауалнамаға қатысқан, бұл сауалнама жүргізуге жататын ересек жастағы контингенттің тізімдік құрамынан тәрбиеленушілердің 100%-ын құрайды. Тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелерін зерттеу көрсетілген тізім мен дағдылардың мазмұны бойынша жауаптардың үлесі келесіні көрсетті: Сауалнамадағы сұрақ саны - 13, барлық жауап саны 585, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім, білік, дағды көлемінің баласымен меңгерілгеніне жауап саны: келісетіні-жауап (46,%); толық келісетіні- жауап (54). Осылайша, «келісемін», «толық келісемін» өлшемшарттары жиынтығында 41 респонденттердің 92%-ы тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанғаны анықталды.
--	--

ҚОРЫТЫНДЫ: Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімі «Тамаша» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

1. Әдістемелік ұсыныстар:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын басшылыққа алу.

2025 жылғы «24» қаңтардағы комиссияның хаттамалық шешімі

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

«Аттестатталды»

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау парағы

№	Бағалауөлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Мектепке дейінгі ұйымында 27 педагог, 5 педагогтің білімі жоғары, қайта даярлауды растайтын -4, арнаулы орта білімді-18, педагогтердің үлесі -100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	Педагогтердің үлесі -100%.	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан 1 педагог өтпеген (Смаилова Ұ.А), өткен педагогтердің үлесі - 96%	4
4	Білім беру ұйымының Қазақстан	Мектепалды даярлық сыныбының	4

	Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 99%. Балабақшада дидактикалық ойындар мен ойыншықтарды толықтыру қажет	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін 98% жағдай жасалған .	4
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен 100% қамтамасыз етілген.	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы 100% талапқа сәйкес	5
8	Мектепалды топ ата-аналары	Сауалнамаға 45 ата-ана қатысқан. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне 92% респондент қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	92% респондент сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
	Балдардың жалпы сомасы		42 үлгілі

Өлшемдер бойынша білім беруді ұйымдастыруды қорытынды бағалау:


Білім беру ұйымын бағалау, осы өлшемшарттардың 4-қосымшасына сәйкес қолданылды. Білім беру ұйымы қызметінің деңгейін бағалау өлшемшарттар балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалып, жалпы сомасы 42 балды құрады (білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейі «үлгілі»).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 31.12.2022 жылы № 14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың» 78-тармағына (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес білім беру ұйымы қорытындыда көрсетілген

бұзушылықтар бойынша ол тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бір жылдан аспайтын мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты ұсынады.

Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін білім беру ұйымында бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің болуын ескеріп, Департаменттің лауазымды тұлғасымен өз құзіреті шегінде, Нұсқаулықтың 79-тармағына сәйкес қорытынды тапсырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн мерзімнен бір жыл уақыт аралығындағы мерзім келісіледі.

Комиссия төрағасы



Жолдыбаева Д.С

Комиссия мүшелері:



Сатанова У.Ш



Абилова С.Ж